

Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету жөніндегі қағиданы" бекіту туралы" 62/32 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Павлодар облыстық әділет департаментінде 2003 жылғы 15 тамызда N 1999 тіркелген.

Күшін жойған

Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 72/8 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 10 қыркүйекте N 2710 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 148/7 шешімімен.

Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 148/7 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын-үй қарым қатынасы туралы" Заңының 97 бабы 2 тармағына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында қалалық мәслихат Ш Е Ш І М е т е д і :

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Павлодар қалалық бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету қағидасын бекіту туралы" (2003 жылғы 15 тамыздағы 1999 МТН, "Сарыарқа самалы" газетінің 2003 жылғы 23 тамыздағы 96-нөмірінде және "Версия" газетінің 2004 жылғы 17 наурыздағы тамыздағы 11-нөмірінде жарияланған) N 62/32 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

Павлодар қалалық бюджетінен тұрғын-үйді ұстауға және тұтынатын коммуналдық қызметтерді төлеу жөніндегі аз қамсыздандырылған азаматтарға тұрғын-үй жәрдемақысын көрсету қағидасындағы:

"3 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Тұрғын үй жәрдемақысына құқығы бар, тұрғын үйдің жалдаушысы (жалгері) - Павлодар қаласының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы тұрғындарын тіркеу мен құжаттау Ережелеріне сәйкес, заңда белгіленген тәртіппен жасалынған тұрғын үйді жалдау шартының бір жағы болып табылатын, тұрғын үйді немесе оның бөлігін тұрақты немесе уақытша пайдалана алатын жеке тұлға, егер өтемақы шаралары және коммуналдық

қызметті тұтыну нормативтері қамтамасыз етілетін, тұрғын үй көлемі мөлшері шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тұтыну төлемақысы бойынша шығындар барынша мүмкін шығын үйлесінен асатын жағдайда осы м а қ с а т қ а ;

4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Тұрғын үй иесінің (жалдаушысының) отбасы мүшесі - Павлодар қаласының аумағында тұрғын үй иесімен бірге тұратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы тұрғындарын тіркеу мен құжаттау Ережелеріне сәйкес, тұрғын үй жәрдемақысын көрсетудің мөлшерін анықтау кезінде есептелген және отбасы мүшесі бола алатын жеке тұлға;

9 тармақтың екінші абзацындағы "20" саны "15" санымен ауыстырылсын.

14 тармағындағы "жеті жасқа дейінгі балалармен" сөздерінен кейін " жұмыспен қамтамасыз ететін уәкілетті органда тіркелмеген (ерлер 58 жастан, әйелдер 53 жастан жоғары) зейнеткер жастағы жұмыс істемейтін тұлғалар, осы себеппен жұмыспен қамтамасыз ететін уәкілетті органынан есептен шыққан жүкті әйелдер, мүгедек - балаларды күтудегі тұлғалар" сөздерімен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

18 тармағындағы "өткен тоқсанда тұрғын -үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған табыстар мен шығындар бойынша осы тоқсанға құжаттарды тапсыру уақытына тәуелсіз тұрғын-үй жәрдемақысы бір тоқсан мерзіміне ғана тағайындалады" сөйлемімен ауыстырылсын;

22 тармақтағы "Толық емес айға қандай-да бір коммуналдық қызмет түрлерін төлеуге ақша есептеген кезде (сумен қамтамасыз ету, газ, электр, жылу энергиялары, күл -қоқыс шығару, арна жүргізу, лифт), стандарттың әлеуметтік мөлшері бойынша сомасын қайта есептемей, жарты ай болып саналсын (жарты жыл)" сөйлемі " Толық емес айға қандай-да бір коммуналдық қызмет түрлерін төлеуге ақша есептеген кезде (сумен қамтамасыз ету, газ, электр, жылу энергиялары, күл-қоқыс шығару, арна жүргізу, лифт), стандарттың әлеуметтік мөлшері бойынша сомасын қайта есептемей, толық ай болып саналсын (тоқсан)" с ө й л е м і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

25-1 тармағымен мынадай мағынада толықтырылсын:

"Отбасының табысы өмір сүру минимумынан төмен 18 шаршы метрден кем ауданда тұратын, осы ауданда тұратын саны мен нақты шығындарына тәуелсіз жылу беру мерзіміне айына 50% есептік көрсеткіш мөлшерімен тұрғын -үй жәрдемақысы тағайындалуы жүргізілетін тұрғын -үй жәрдемақысына құқықтары б а р т ұ л ғ а л а р " ;

25-2 тармағымен мынадай мағынада толықтырылсын:

"Отбасының жиынтық табысы жоқ болған жағдайда тұрғын-үй

жәрдемақысының есебін 3 айлық есептік көрсеткіштен бастап жүргізсін".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК